

Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 желтоқсандағы № 1371 Қаулысы
«2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан
Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына және «Бюджеттің атқарылуы
және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі**ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне Қазақстан
Республикасының және басқа мемлекеттердің аумақтарындағы табиғи және
техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2010 жылға арналған
республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше
резервінен Молдова Республикасына ізгілік көмек көрсету шеңберінде материалдық
құндылықтарды жеткізу бойынша көлік шығыстарын өтеу үшін 14360966,47 теңге (он
төрт миллион үш жүз алпыс мың тоғыз жүз алпыс алты теңге қырық жеті тиын)
с о м а с ы н д а қ а р а ж а т б ө л і н с і н .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі бөлінген
қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*